

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі**  
**«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК**

**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

**Құрметті әріптестер!**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) кәсіби даму аясында педагогтерді курстан кейінгі сүйемелдеу шеңберінде **«Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігін дамыту», «Дене тәрбиесі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру», «Техникалық және кәсіптік білім беретін дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту»** тақырыптары бойынша курстан кейінгі сүйемелдеу өткізіледі.

**Мақсаты:**

- жеке тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсілдер контекстінде түзету – дамыту білім беру процесін сәтті жобалауды қамтамасыз ететін дене шынықтыру сабақтарында заманауи технологияларды пайдалана отырып, дене тәрбиесі және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарының, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру (*мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларына арналған*);

- дене шынықтыру мұғалімдерінің жаңа технологиялар мен оқыту әдістерін қолданудағы кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту (*орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне арналған*);

- оқытудың жаңа әдістерін қолдану негізінде дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру (*техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне арналған*).

**Назар аударыңыз!**

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы ұйымдастырған 2022, 2023 жылдары біліктілікті арттыру курсынан өткен мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін педагогтерді (нұсқаушыларды) қатысуға шақырамыз!

Анықтама телефоны: әр өңірге жетекшілік ететін Орталық әдіскерлерінің тізімі 1-қосымшада көрсетілген.

Педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижесімен бөліскен, тәжірибелік тақырыбын жан-жақты/кешенді қорғаған немесе шебер-сабақ өткізген дене шынықтыру педагогтеріне педагогикалық тәжірибені тарату туралы сертификат беріледі.

Қосымша: 3 бет.

